

Кейбір өңірлік электр желілері компаниялары акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 маусымдағы N 640 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) жарғылық капиталдың 100 (жүз) пайызы мөлшерінде "Талдықорған акционерлік көлік-электр желісі компаниясы", жарғылық капиталдың 100 (жүз) пайызы мөлшерінде "Оралэнерго" Батыс Қазақстан электр тарату желісі компаниясы", жарғылық капиталдың 100 (жүз) пайызы мөлшерінде "Қызылорда электр тарату желісі компаниясы", жарғылық капиталдың 90 (тоқсан) пайызы мөлшерінде "Жезқазған электр тарату желісі компаниясы" акционерлік қоғамдары акцияларының мемлекеттік пакетін акционерлік қоғамдардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету және оларға электрмен жабдықтау жөніндегі функцияларды бере отырып, осы функцияларды біртіндеп бәсекелес ортаға беру шартымен дербес заңды еншілес кәсіпорындар құқығында энергиямен жабдықтау ұйымдарын құру шартымен коммерциялық тендерде с а т у д ы ж ү з е г е а с ы р с ы н ;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

Ескерту. 1) тармақшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.09.21. N 822 Қаулысымен.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Мыңбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі